Күн сайын сағат 08:00-ге дейін Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстардың көлемі және техникалардың жұмысқа шығуы туралы жиынтық ақпарат ұсынылуы тиіс.

5.2. Көктемгі-жазғы-күзгі күтіп-ұстау (64,5 км жол)

(Қажет болған жағдайда екі ауысымдық режимде орындалады)

- Жолдың жүру бөлігін кірден, шаңнан, құрғақ қоқыстан және топырақ-құм үйінділерінен аралас, суару-жуу, сыпыру-вакуумдық машиналармен және автогрейдерлермен механикаландырылған тәсілмен тазалау (64,5 км жол).
- Жаяу жүргіншілер жолдарын, техникалық тротуарларды, брусчаткаларды, қосымша кіреберістерді, автотұрақ және аялдама қалталарын қолмен және механикаландырылған тәсілмен тазалау; алдын ала тазартылған брусчатка бетін жуу (тротуарлар — 28 964 қума метр; қосымша кіреберістер мен қалталар — нақты бар болуына қарай).
- Аялдама павильондарын, қабырғалары мен конструкцияларын тазалау және жуу, қоқыс жәшіктерін тазалау, аялдама павильондарын, металл қоршауларды және жол инфрақұрылымының өзге де элементтерін бояу (32 аялдама павильоны; 200 қоқыс жәшігі; металл қоршаулар — 5 км).
- Жолдың жүру бөлігінен, жол жиектерінен, орман жолақтарынан және іргелес аумақтардан тұрмыстық, ірі көлемді және құрылыс қоқыстарын, бұтақтарды және басқа да қалдықтарды жинау, тиеу және шығару (тұрмыстық қоқысты шығару маршруты/учаскелері — 42 км; құрылыс қоқысы — 1 234 т, өзектілігін тексеру қажет; ірі көлемді және өзге де қоқыстар — нақты көлеміне қарай).
- Жол жиектері мен еңістердегі шөптерді роторлы шөп шапқышпен, триммерлермен және қолмен шабу; конустар мен еңістерді өсімдіктерден тазарту (механикаландырылған шөп шабу — 64,5 км, желілер, кестеге сәйкес қайталану саны; қолмен шабу — әрқайсысы 100 м² болатын 824 бірлік; конустар мен еңістерді тазалау — әрқайсысы 100 м² болатын 56 бірлік).
- Жол жиектерін жөндеу мақсатында тегістеу және профильдеу, жол жиектері мен бермаларды материал қосу арқылы немесе материал қоспай кесу және тегістеу (15 км жол).
- Жарық шағылыстыратын элементтері бар бояумен, суық пластикпен және термопластикпен көлденең жол таңбаларын салу, оның ішінде жаяу жүргіншілер өткелдерінің таңбаларын салу және таңба салатын машинаның жұмысын сүйемелдеу (жалпы жол таңбасы — 25 км, оның ішінде суық пластикпен — 12 км; жаяу жүргіншілер өткелдерінің таңбасы — 500 м²).
- Асфальтбетон жабындысындағы жарықтарды қолмен жұмыс істейтін жіктерді құю құрылғысымен бітеу; бекітілген көлемдер болған жағдайда шұңқырларды (авариялық) жөндеу және жабын жиектерін тегістеу (жарықтарды бітеу — әрқайсысы 100 м жіктен тұратын 8 бірлік).

- Су бұру арықтарын, науаларды және су өткізгіш құбырларды кірден, қоқыстан, лайдан және жиналған топырақтан тазарту, оның ішінде қолмен тазалау және шығарылған материалдарды әкету (арықтар/су бұру арналары — 4 км; су өткізгіш құбырлар).
- Диаметрі 250 мм-ден 400 мм-ге дейінгі нөсер су қабылдағыштарының құбырларын тиісті мамандандырылған техниканы пайдалана отырып тазалау және шаю (құбырлар — 300 м).
- Ағаштар мен бұталарды кесу және бұтау, кураған және апатты бұтақтарды алып тастау, өсімдік қалдықтарын жинау және шығару; тамырымен қоса қазылған ағаштарды көтеру және тиеу (кесу және бұтау — шамамен 5 000 дана; апатты бұтақтар — тексеру нәтижелері бойынша; тамырымен қоса қазылған ағаштарды көтеру — 56 дана).
- Жолдарды патрульдеу, жол бойындағы сервистік объектілерді тексеру және анықталған ластанулар мен ақауларды жедел жою (патрульдеудің болжамды көлемі — 64,5 км жол; ақауларды жою — өтінімдер бойынша/анықталуына қарай).
- Жолдарды шаң мен қоқыстан сыпыру, жуу және тазалау, қисық профильді брусты жуу (64,5 км жол; қисық профильді брус пен қоршауларды жуу — 5 км).
- Науалар мен су бұру құрылыстарын тазалау (4 км).
- Жуу құралдарын қолдана отырып, кірден және құрғақ қоқыстан қолмен тазалау; қоқыс жәшіктерін қоқыстан қолмен тазарту; аялдама павильондарын, орындықтарды және қоқыс жәшіктерін бояу; техникалық тротуарларды шаң мен қоқыстан қолмен тазалау; техникалық тротуарларды кірден қолмен тазалау; бордюр тастарының бойындағы жолдың жүру бөлігін жиналған топырақтан қолмен тазалау; су өткізгіш құбырларды өсімдіктерден және жиналған лайдан қолмен тазарту, шығарылған топырақты әкету; шөп шабу; қоршаулар мен қисық профильді брусты жуу және бояу.

Жазғы тазалау жұмыстарын орындау кезінде төмендегі жұмыстар міндетті түрде орындалуы тиіс:

- Көшелердің жүру бөлігін шаңнан, құрғақ қоқыстан және кірден тазалау;
- Қосымша кіреберістерді шаңнан, құрғақ қоқыстан және кірден тазалау;
- Автотұрақтарды шаңнан, құрғақ қоқыстан және кірден тазалау;
- Аялдама қалталарын шаңнан, құрғақ қоқыстан және кірден тазалау;
- Көшелердің жүру бөліктерін арнайы ерітінділермен өңдеу;
- Магистральдардың, көшелер мен өтпе жолдардың жол жабындарын (оның ішінде осьтік және резервтік жолақтарды) сыпыру алдын ала сулау арқылы жүзеге асырылады.
- Қисық профильді брус пен қоршауларды жуу.

Алаңдардың, магистральдардың, көшелер мен өтпе жолдардың жүру бөлігіндегі жол жабындарын жуу түнгі уақытта (сағат 23:00-ден 07:00-ге дейін), ал қажет болған жағдайда күндізгі уақытта да жүргізіледі.

Жолдың жүру бөлігін жуу кезінде су ағынымен сыпырылған қоқыстар мен ластануларды тротуарларға, көгалдарға, жолаушыларды отырғызу алаңдарына, қалалық қоғамдық көлік аялдамаларының павильондарына, жақын орналасқан ғимараттардың қасбеттеріне, сауда объектілеріне және басқа да орындарға шығаруға жол берілмейді.

Жолдың жүру бөлігі барлық ластану түрлерінен толық тазартылып, жуылуы тиіс.

Реттеу сызықтарымен белгіленген осьтік және резервтік жолақтар құмнан және әртүрлі ұсақ қоқыстардан тұрақты түрде тазартылып тұруы тиіс.

Жолдың шеткі бөліктері, бордюр маңы және қоғамдық көлік аялдамаларының жолаушыларды отырғызу алаңдары топырақ-құм үйінділерінен және әртүрлі қоқыстардан толық тазартылып, жуылуы тиіс.

Жұмыстарды орындау тәртібі қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Тапсырыс берушімен келісіледі.

Күн сайын сағат 08:00-ге дейін Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстардың көлемі және техникалардың жұмысқа шығуы туралы жиынтық ақпарат ұсынылуы тиіс.

6. Техниканы пайдалану

Төменде техниканың функционалдық мақсаты және ол пайдаланылатын жұмыстардың сипаттамасы келтірілген. Техниканың саны материалдық-техникалық ресурстар тізіліміне

сәйкес көрсетіледі. Техниканың нақты жұмысқа шығуы, жұмыстардың орындалу кезектілігі мен учаскелері жолдардың нақты жай-күйін, ауа райы жағдайларын және жедел ахуалды ескере отырып, Тапсырыс берушімен айқындалады.
- Жолдың жүру бөлігінен, жол жиектерінен, аялдама және автотұрақ қалталарынан, қиылыстардан және көше-жол желісінің өзге де учаскелерінен жиналған қар үйінділері мен қарды самосвалдардың шанағына механикаландырылған тәсілмен тиеу. Қоғамдық көлік пен жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігіне және қозғалысына әсер ететін орындарда қарды тиеу жұмыстарына басымдық беріледі.
- Жолдарды күтіп-ұстау кезінде жиналған қарды, топырақты, сыпырындыны, бұтақтарды және басқа да қоқыстарды шығару. Егер мұндай жұмыстар Тапсырыс берушінің тапсырмасында көзделсе, жол жиектері мен бермаларды төсеу және тегістеу үшін сусымалы материалдарды жеткізу және тасымалдау. Қар мен қалдықтар тек келісілген/белгіленген орындарға ғана шығарылады.
- Қар үйінділері мен қар басқан учаскелерді қар массасын едәуір қашықтыққа лақтыру арқылы механикаландырылған тәсілмен тазалау. Бұл техника қарды жол жиектерінен алып тастау және қарды шығару қиын немесе тиімсіз болатын жерлерде жолдың жүру бөлігін босату үшін автомобиль жолдарының шалғай учаскелері мен іргелес аумақтарда қолданылады.
- Қарды, топырақ-құм үйінділерін, сыпырынды мен қоқысты тиеу; бордюр маңындағы бөліктерді, жол жиектерін, алаңдар мен қалталарды тазалау; тайғаққа қарсы және инертті материалдарды сақтау және қолдану орындарында тасымалдау. Маневр жасау және салыстырмалы түрде аз көлемдегі материалдармен жұмыс істеу қажет болатын учаскелерде қолданылады.
- Топырақ жолдарды, жол жиектері мен бермаларды профильдеу; тегіс емес жерлер мен қар-мұз қабаттарын кесіп алу, суды бұру үшін көлденең профиль мен еңістерді қалыптастыру; пайдалану барысында бұзылған учаскелерді тегістеу және жоспарлау.
- Автомобиль жолдарының бойында, жол жиектерінде және ірі габаритті техниканы қолдануға рұқсат етілген басқа да қызмет көрсетілетін учаскелерде шөптер мен арамшөптерді механикаландырылған тәсілмен шабу. Шөп шабылғаннан кейін шабылған өсімдіктер жолдың жүру бөлігінен, тротуарлардан және су бұру құрылыстарынан жиналып, шығарылуы қамтамасыз етіледі.
- Орамішілік көшелерден, тар өтпе жолдардан және жету қиын жерлерден қоқысты, қарды, бұтақтарды және аз көлемдегі топырақты шығару.
- Қала шетіндегі және қызмет көрсетілетін елді мекендердегі учаскелерде, оның ішінде қар қарқынды жауған кезде, қалың қар үйінділерін тазалау және қарды басқа жерге жылжыту.
- Жол инфрақұрылымы элементтеріне қызмет көрсету бойынша биіктікте орындалатын жұмыстар: жол белгілері мен көрсеткіштерді жөндеу және ауыстыру, жабдықтарды тазалау және қызмет көрсету, жол белгілері мен бағдаршамдардың көрінуіне кедергі келтіретін ағаш бұтақтарын кесу, тар жағдайларда, аулаішілік өтпе жолдар мен тар учаскелерде қураған және апатты бұтақтарды алып тастау.
- Жолдарды маусымдық кешенді күтіп-ұстау: қыс мезгілінде тайғаққа қарсы материалдарды себу, ал жылы мезгілде тиісті жабдық болған жағдайда және Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша жол жамылғысын сулау және жуу.
- Тарту күші жоғары техниканы қажет ететін учаскелерде, оның ішінде қала шетіндегі және елді мекендердегі жер мен қар массаларын тегістеу және жылжыту. Жол жиектерін, бермаларды және топырақ учаскелерін қалыптастыру және тегістеу, сондай-ақ учаске жағдайлары мүмкіндік берген және жол жамылғысына зақым келтірмеген жағдайда тығыздалған қар-мұз қабаттарын қопсыту үшін қолданылады.
- Арнайы жабдықтарды пайдалана отырып, су бұру науаларын, арықтарды, нөсер кәріздерін және су өткізгіш құбырларды жиналған шөгінділерден, бітелулерден және ластанулардан шаю және тазалау.

- Көше-жол желісін күтіп-ұстау шеңберінде қызмет көрсетілетін су қабылдау құдықтарынан, нөсер су құрылыстарынан және су бұру жүйесінің басқа да элементтерінен лайды, сұйық ластануларды және тұнбаларды алып тастау.
- Жұмысшыларды, қол құралдарын, керек-жарақтарды, жеке қорғаныс құралдарын және шағын көлемді жабдықтарды жұмыс орындарына тасымалдау. Аялдамаларды, техникалық тротуарларды, жаяу жүргіншілер өткелдерін, бордюр маңындағы аумақтарды қолмен тазалау, қоқыстарды жинау және жергілікті ластануларды жою бойынша жедел бригадалардың жұмысын ұйымдастыру үшін пайдаланылады.
- Көше-жол желісінің жай-күйін жедел тексеру, қар үйінділерін, көктайғақты, ластануларды, зақымдануларды және араласуды қажет ететін өзге де жағдайларды анықтау. Техниканың жұмысқа шығуын бақылау, жауапты қызметкерлерді жеткізу, диспетчер мен Тапсырыс берушіге ақпарат беру, сондай-ақ өтініштер мен тапсырмаларға жедел әрекет ету үшін пайдаланылады.

7. Қызметтердің сапасына қойылатын талаптар
- Орындалған операциялардың күнделікті есебін жүргізу. Есепте жұмыс орны, күні, жұмыс түрі, көлемі, пайдаланылған техника және растайтын фото/бейнематериалдар көрсетілуі тиіс.
- Сатып алу шарттарына сәйкес келетін саны мен сипаттамалары бар материалдық-техникалық ресурстар тізілімінде көрсетілген техникалар мен персоналдың пайдаланылуын қамтамасыз ету.
- Жолдардың пайдалану жағдайы ҚР СТ 1912-2009 талаптарына сәйкес болуы тиіс.
- Жұмыстар уақтылы және ауысымдар арасында үзіліссіз орындалуы тиіс.
- Жол қозғалысы қауіпсіздігіне қауіп төндіруге жол берілмейді.
- Автомобиль жолдары мен жолдың жүру бөлігін тиісінше күтіп-ұстамау, сондай-ақ ескерту жол белгілерін, қоршаулар мен сигнал беру құралдарын уақтылы орнатпау немесе олардың болмауы, не болмаса жол жамылғысында шұңқырлар, ойықтар, көктайғақ, қар үйінділері және өзге де ақаулардың болуы салдарынан жол-көлік оқиғасы (ЖКО) орын алған жағдайда, келтірілген залал үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Мердігер жауапты болады.

8. Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар
- Екі ауысымда жұмыс істеу үшін жеткілікті мөлшерде техниканың болуы.
- Жол жиектері мен жолдың жүру бөлігін тығыздалған қардан автогрейдермен тазалау, оның ішінде қар жалдарын қалыптастыру және алып тастау (47,6 км жол).
- Механикаландырылған тазалау жұмыстарынан кейін бордюр маңындағы бөлікті қолмен түпкілікті тазалау (47,6 км жол).
- Механизмдер жете алмайтын учаскелерді борпылдақ қардан қолмен тазалау, қарды басқа жаққа лақтыру немесе көлікке тиеу (47,6 км жол).
- Қар үйінділерін көлік құралдарына қолмен және механикаландырылған тәсілмен тиеу, қарды келісілген орындарға шығару (нақты көлеміне қарай).
- Құм-тұз қоспасын дайындау, қоспаны тиеу және тайғаққа қарсы материалдарды механикаландырылған тәсілмен тарату (тайғаққа қарсы материалдарды тарату — 100 т).
- Қысқы тайғақ учаскелер мен қауіпті жерлерді анықтау мақсатында автомобиль жолдарын патрульдеу (64,5 км жол — қызмет көрсетілетін көше-жол желісінің толық көлемі).
- Техникалық тротуарларды қардан тазалау және сыпыру (28,9 км).
- Аялдама павильондарындағы, скверлердегі, гүлзарлардағы және тротуарлардағы қоқыс жәшіктерін тазалау (200 дана қоқыс жәшігі).
- Көше-жол желісіндегі қысқы тайғақтықты жою (47,6 км жол).
- Жолдағы ойықтарды кесіп алу, мұзды және жолдың шеткі бөлігін кесу, жолдың жүру бөлігін кеңейту (нақты қажеттілікке қарай).
- Автобус аялдамаларын тазалау және күтіп-ұстау (32 аялдама павильоны).
- Аула аумағына кіретін және шығатын жолдарды тазалау (нақты бар болуына қарай).
- Автотұрақ қалталарын тазалау және күтіп-ұстау (нақты бар болуына қарай).

- Қалалық жолаушылар көлігі аялдамаларынан, жерүсті жаяу жүргіншілер өткелдерінен және халық көп жиналатын орындардан қарды бірінші кезекте (іріктеп) шығару (32 аялдама және жаяу жүргіншілер өткелдері).
- Тайғаққа қарсы материалдармен өңдеу (100 т материал).
- Қарды тиеу және шығару (47,6 км жол).
- Қар жауған және боран болған кезде техниканың тәулік бойы кезекшілігін ұйымдастыру (қысқы кезең бойы, кестеге сәйкес тәулік бойы).
- Су бұру жүйелерін су тасқыны кезеңіне дайындау, нөсер кәрізі арықтарын тазалау (4 км арық және нөсер кәрізі).
- Бірінші кезектегі жұмыстарды орындау мерзімі — қар жаууы аяқталғаннан кейін 48 сағатқа дейін.
- Көлік құралдарының тұрақты қозғалысы жағдайында жолдың жүру бөлігінде жұмыстарды қоршаулар орнату және уақытша жол белгілерін қою арқылы орындау.- Жол жиектері мен бермаларды көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін инертті материалмен төгу, кесу және тегістеу (64,5 км жол; инертті материал — 100 т).
- Жолдарды кірден, мұздан, қардан, қоқыстан және бөгде заттардан механикаландырылған және/немесе қолмен тазалау (64,5 км жол — қызмет көрсетілетін бүкіл желі; қысқы кезеңде қардан тазалау және қарды шығару — 47,6 км жол).
- Жолдың жүру бөлігінен және жол жиектерінен бөгде заттарды жинау (64,5 км жол — қызмет көрсетілетін көше-жол желісінің толық көлемі).

Ескерту. Орындалатын жұмыстардың құрамы:

1. Бірінші кезектегі операцияларға мыналар жатады:
- Белгіленген уақытты сақтау;
- Жаңа жауған қарды алдын ала сырып жинау және сыпыру;
- Жолдың жүру бөлігін тайғаққа қарсы материалдармен өңдеу;
- Белгіленген уақыт аралығын сақтау;
- Тайғаққа қарсы материалдармен араласқан қарды сырып жинау және сыпыру;
- Кейіннен шығару үшін қар жалдарын қалыптастыру;
- Қиылыстарда, қалалық жолаушылар көлігі аялдамаларының жанында, әкімшілік және қоғамдық ғимараттарға кіреберістерде, аулалардан шығатын жерлерде және басқа да осындай орындарда қар жалдарында үзілістер жасау.

2. Екінші кезектегі операцияларға мыналар жатады:
- Қарды алып тастау (шығару);
- Қар шығарылғаннан кейін бордюр маңындағы бөлікті тазалау;
- Мұзды және қар-мұз түзілімдерін механикаландырылған тәсілмен ою және алып тастау.

3. Үшінші кезектегі операцияларға мыналар жатады:
- Қарды кәдеге жарату.

Жолдың жүру бөлігін тазалау кезінде төмендегілерге жол берілмейді:
- Орамішілік өтпе жолдардан, тротуарлардан, аула аумақтарынан, кәсіпорындар, ұйымдар, құрылыс алаңдары мен сауда объектілерінің аумақтарынан тазартылған қарды магистральдардың, көшелер мен өтпе жолдардың жүру бөлігіне шығаруға немесе жылжытуға;
- Ластанған немесе тұз араласқан қарды, сондай-ақ ойылған мұзды гүлзарларға, бұталар мен ағаштарға лақтыруға немесе жылжытуға.

Қар жауу кезеңіндегі жұмыс тәртібі:
Қар жауу қарқындылығы сағатына 1–3 мм және одан жоғары болған жағдайда, қар жауа бастағаннан кейін 15–20 минут өткен соң сыпыру және тайғаққа қарсы материалдарды себу жұмыстары басталады.
Қар баяу жауған кезде - Шұңқырларды (авариялық) жөндеу (жол жамылғысындағы шұңқырларды, ойықтарды жою, жарықтарды, ойылған жерлерді, шөгінділерді бітеу, жол учаскелерінің жиектерін тегістеу) (болжамды көлемі: жарықтарды бітеу — әрқайсысы 100 м жіктен тұратын 8 бірлік).

- Жолдардың бойындағы өсімдіктерді шабу (64,5 км жол желісі; жұмыстардың қайталану жиілігі кестеге сәйкес).
- Көше-жол желісін санитарлық күтіп-ұстау (64,5 км жол; тротуарлар — 28 964 қума метр; аялдамалар — 32 дана; орындықтар — 300 дана; қоқыс жәшіктері — 200 дана).
- Жол жиектерін профильдеу (64,5 км жол; қажет болған жағдайда).
- Перилалық қоршауларды бояу және жөндеу (қоршаулар — 5 км).
- Бордюрлерді әктеу (бордюр тастары — 47,6 км).
- Топырақ жолдарды профильдеу (топырақ жол учаскелерінің нақты ұзындығына сәйкес — 16,9 км).
- Қоқыстар мен бөгде заттарды тазалау, тиеу және шығару (жолдың жүру бөлігі мен жол жиектері — 64,5 км; шығару — нақты көлеміне қарай).
- Көшелердің жол жамылғысын сыпыру және жолдың жүру бөлігіндегі науаларды топырақ-құм үйінділерін алып тастау арқылы тазалау (64,5 км жол).
- Жолдың жүру бөлігінің бойындағы шөптерді шабу және шабылған шөптерді жинау (64,5 км жол желісі; жұмыстардың қайталану жиілігі кестеге сәйкес).
- Көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететіндей жол жиектері мен бермаларды материал қосу арқылы немесе материал қоспай кесу және тегістеу (64,5 км жол; қажет болған жағдайда).
- Көктемгі және күзгі кезеңдерде жол таңбаларын салу жұмыстарын жүргізу (ескерту: орталық көшелер мен жаяу жүргіншілер өткелдеріне пластик материалмен таңба салу); жол бойындағы сервистік объектілерді (аялдама павильондарын) жөндеу, бояу және әктеу, тік және көлденең жол таңбаларын салу (жол таңбалары — 20 км, оның ішінде суық пластикпен — 12 км, нақтылау қажет; аялдама павильондары — 32 дана).
- Жол бойындағы және жол сервистік объектілерінің (автобус аялдамаларының, аялдама павильондарының) жай-күйін мерзімді тексеру, шаңнан, кірден және қоқыстан тазалау, қоқыс жәшіктерін жуу және дезинфекциялау (аялдама павильондары — 32 дана; қоқыс жәшіктері — 200 дана).
- Автомобиль жолдарының бөлінген жолағында және жол белгілері, бағдаршамдар мен жол қозғалысын ұйымдастырудың өзге де техникалық құралдары орнатылған орындарда орналасқан ағаштар мен бұталарды көрінуін және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кесу (бұтау) (шамамен 5 000 дана ағаш/бұта; нақты саны тексеру нәтижелері бойынша нақтыланады).

Жұмыстар мыналарды қамтиды:
- Жол белгілерінің, көрсеткіштердің және сигналдардың көрінуін толық немесе ішінара жауып тұрған ағаштар мен бұталардың бұтақтарын кесу;
- Жол белгілерінің көріну аймағы шегінде жасыл желектердің ұшар бастарын қалыптастыру;
- Жол инфрақұрылымы аймағындағы құраған, зақымданған және апатты бұтақтарды алып тастау;
- Пайда болған өсімдік қалдықтарын жинау, тиеу және белгіленген орындарға шығару;
- Жапырақтар мен қоқыстарды жинау (47,6 км жол).
- Көшелерді механикаландырылған тәсілмен сыпыру (47,6 км жол).
- Су бұру жүйелерін қысқы кезеңге дайындау, нөсер кәрізі арықтарын тазалау (4 км арық және нөсер кәрізі).
- Тайғақтың алдын алу шараларын жүргізу (47,6 км жол).
- Тайғаққа қарсы материалдарды дайындау және сақтау (100 т).
- Техниканы қысқы кезеңге дайындау (жұмысқа тартылатын барлық техника паркі).

Ескерту: Жолдың жүру бөлігінен әртүрлі заттар мен қоқыстарды (оның ішінде ағаш бұтақтарын) қолмен жинау; аялдама павильондары мен оған іргелес аумақты шаңнан тазалау; аялдама павильондарын ылғалды тәсілмен тазалау (қабырғаларын, төбесін, әйнектерін және т.б. жуу), - Көктайғақ, қар жауу және басқа да қолайсыз ауа райы жағдайларында жолдың жүру бөлігін тайғаққа қарсы материалдармен

механикаландырылған тәсілмен өңдеу. Материалдың белгіленген ен бойынша біркелкі таралуы қамтамасыз етіледі. Бірінші кезекте көлік қозғалысы қарқынды учаскелерде, өрлерде, еңістерде, қиылыстарда, аялдамаларда және басқа да қауіпті орындарда өңдеу жұмыстары жүргізіледі.

- Жолдарды маусымдық күтіп-ұстау, қар жалдарын тазалау, жол жиектері мен бермаларды тегістеу кезінде қардың, топырақтың, инертті материалдар мен сыпырындының едәуір көлемін тиеу және тасымалдау.
- Қалыптастырылған қар жалдарынан қарды самосвалдардың шанағына үздіксіз механикаландырылған тәсілмен тиеу, оның ішінде көшелердің учаскелерінен, аялдама және автотұрақ қалталарынан, қиылыстар мен өтпе жолдардан қарды тиеу. Транспортер арқылы тиеу өнімділікті арттыру және техниканың жолдың жүру бөлігінде болу уақытын қысқарту мақсатында қолданылады.
- Жолдың жүру бөлігін, жол жиектерін, техникалық тротуарларды, кіреберістерді, аялдама және автотұрақ қалталарын жаңа жауған қардан, қар аралас лайдан, мұздан және ластанулардан тазалау. Қарды сырып жинау және жылжыту үшін қайырма, ал жол жамылғысын сыпыру және тазалау үшін щеткалы жабдық қолданылады. Жұмыстар учаскенің ені мен көлік қозғалысының қауіпсіздігін ескере отырып орындалады.
- Қызмет көрсетілетін жол жабындары мен алаңдарды механикаландырылған тәсілмен сыпыру, шаңды, құмды және ұсақ қоқыстарды жинау, оның ішінде қысқы күтіп-ұстау жұмыстарынан кейін тазалау. Қажет болған жағдайда шаңның пайда болуын азайту және сыпырындының тротуарларға, көгалдарға және аялдама алаңдарына таралуына жол бермеу үшін жол жамылғысы алдын ала сулаумен тазаланады.
- Тапсырыс беруші айқындаған учаскелерде, оның ішінде орталық көшелерде және қалың қабатты жол таңбалары көзделген басқа да учаскелерде суық пластикпен бойлық көлденең жол таңбаларын салу. Жұмыстар жол жамылғысының бетін дайындауды, жобада белгіленген ені мен қалыңдығына сәйкес сызықтарды салуды, сондай-ақ жол қозғалысын ұйымдастыру талаптары мен технологиясына сәйкес жарық шағылыстыратын шыны шариктерді себуді қамтиды.
- Тапсырыс беруші айқындаған учаскелерде бояумен көлденең жол таңбаларын, оның ішінде бір және қос сызықтарды салу және қалпына келтіру. Жұмыстар жол жамылғысының бетін дайындауды және тазалауды, бояу мен жарық шағылыстыратын шыны шариктерді жағуды, сызықтардың айқындылығы мен біркелкілігін қамтамасыз етуді, сондай-ақ қауіпсіз қозғалыс қамтамасыз етілгенге дейін жұмыс жүргізілетін орынды қоршауды қамтиды.
- Жолдың жүру бөлігін, магистральдарды, көшелерді, алаңдарды, осьтік және резервтік жолақтарды механикаландырылған тәсілмен тазалау, құмды, топырақ үйінділерін, шаң мен қоқысты жинау және жол жамылғысын бір мезгілде сулау. Тиісті жабдық болған жағдайда жол жамылғысы мен бордюр тастарының маңындағы учаскелер жуылады. Сыпырынды мен лас суды тротуарларға, көгалдарға, аялдама алаңдарына және ғимараттардың қасбеттеріне шығаруға жол берілмейді.
- Жол жиектерінде, еңістерде, жол белгілерінің, қоршаулардың, аялдама павильондарының, су бұру құрылыстарының айналасында және тракторлы шөп шапқыш жете алмайтын орындарда шөптер мен арамшөптерді қолмен-механикаландырылған тәсілмен шабу. Шабылған шөп жиналып, қызмет көрсетілетін аумақтан шығарылады.
- Көшелерден, тротуарлардан, аулаішілік өтпе жолдардан және кәдімгі тиегішті пайдалану қиын болатын тар учаскелерден бұтақтарды, ірі көлемді қоқыстарды, өсімдік қалдықтарын және басқа да заттарды өздігінен тиеу механизмі арқылы жинау, тиеу және шығару.
- Техникалық тротуарларды, жаяу жүргіншілер аймақтарын, тар өтпе жолдарды және плитка төселген учаскелерді тазалау. Машина өту жолының габариттерін ескере отырып және тротуар плиткаларына, бордюрлерге және абаттандырудың басқа да элементтеріне зақым келтірмей, құмды, шаңды және ұсақ қоқыстарды жинау үшін пайдаланылады.

- Тротуарларда, жаяу жүргіншілер жолдарында және басқа да учаскелерде тайғаққа қарсы материалдарды механикаландырылған тәсілмен тарату.

Мердігер Абай қаласының және техникалық ерекшелікте көрсетілген елді мекендердің автомобиль жолдарын (көшелерін, бұрылыс жолдарын), техникалық тротуарларын, аялдама және автотұрақ қалталарын, кіреберістерін, жол жиектерін, су бұру құрылыстарын және көше-жол желісінің өзге де элементтерін жарамды мамандандырылған техниканы, жабдықтарды және қол еңбегін пайдалана отырып, тиісті деңгейде күтіп-ұстау жұмыстарын қамтамасыз етуге міндетті. Жұмыстар маусымдық жағдайларға, Тапсырыс берушінің тапсырмаларына, жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес орындалады.

- Персоналды жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету. Қар тиегіш машиналарға қызмет көрсететін жұмысшылар арнайы кеудешелер киюі тиіс. Тазалау жұмыстары кезінде қар тиегіш машиналардың бос тұрып қалуына жол берілмейді. Қарды белгіленген тәртіппен келісілмеген орындарға шығаруға жол берілмейді.
- Әр ауысымға жауапты кезекші тұлғаны тағайындау.
- Қоршаған ортаны қорғау талаптарының мердігер тарапынан сақталуын қамтамасыз ету.
- Жұмысшылар ластанулар мен тазалау жұмыстарының нәтижелерін бейнетүсірілімге түсіруге арналған жабдықтармен қамтамасыз етілуі тиіс.

9. Қорытынды ережелер

Мердігер шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде ауысым тәртібі мен ауа райы жағдайларына қарамастан, автомобиль жолдарын тиісінше күтіп-ұстауға жауапты болады. Диспетчердің тәулік бойы кезекшілігі қамтамасыз етілуі тиіс. Құжаттарға қол қойылғаннан кейін өнім беруші кезекші диспетчердің орналасқан мекенжайын және байланыс телефондарының нөмірлерін хабарлауы тиіс.

Абай қаласының жолдарындағы жағдайға күнделікті мониторинг жүргізу. Тапсырыс берушінің ескертулері мен нұсқауларына шұғыл түрде әрекет ету.

Жаяу жүргіншілер өткелдерін, аялдама павильондарын, автомобиль жолдарының бордюр маңындағы бөліктері мен техникалық тротуарларды қолмен тазалау және жинау үшін жұмысшылардың болуын қамтамасыз ету. Автомобиль жолдарын тазалау жұмыстарын бекітілген кестеге сәйкес уақтылы жүргізу.

Қарағанды облысы
Абай қаласының әкімі **Н. Б.Тасмагамбетов**